«Жетісу облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №16-н бұйрығымен бекітілген

Утвержден приказом Государственного учреждения «Управление образования области Жетісу» №16-н от 31 августа 2022 года

**«Жетісу облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Көксу политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының**

**ЖАРҒЫСЫ**

**УСТАВ**

**государственного коммунального казенного предприятия «Коксуский политехнический колледж» государственного учреждения «Управление образования области Жетісу»**

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КеАҚ Алматы облысы бойынша филиалының Көксу аудандық Тіркеу және жер кадастры бөлімі
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
2022 ж. «08» 09 ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 960840000403
Тіркеу №1940-1904-18-ММ-ЯК
Бастапқы тіркелген күні
2013 ж. «01» 08

**«Жетісу облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Көксу политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ЖАРҒЫСЫ**

Жетісу облысы, Көксу ауданы,
Көксу бекеті, 2022 ж.

**1. Жалпы ережелер.**

1.1. Бұдан былай мәтін бойынша «Колледж» деп аталатын «Жетісу облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Көксу политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Алматы облысы әкімдігінің 2013 жылғы «15» мамырдағы № 138 және 2013 жылғы «31» маусымдағы № 170 қаулыларына сәйкес «Алматы облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Көксу политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының құқықтық мирасқоры болып табылады (мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік №85-1907-18-ММ 31.07.2008 ж., БСН 960840000403).

1.2. Колледж өзінің ұйымдық-құқықтық нысаны бойынша жедел басқару құқығында мемлекеттік мүлікке ие мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын болып табылады.

1.3. Колледжге қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құрылтайшысы және функциясын жүзеге асырушы Жетісу облысының әкімдігі (бұдан әрі - Меншік иесі) болып табылады.

1.4. Колледждің уәкілетті органы: «Жетісу облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Уәкілетті орган) болып табылады.

1.5. Колледжде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген дөңгелек мөр, фирмалық бланк, банкте шоттары бар.

1.6. Кәсіпорынның атауы: мемлекеттік тілде «Жетісу облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Көксу политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны; орыс тіліндегі атауы: Государственное коммунальное казенное предприятие « Коксуский политехнический колледж» государственного учреждения «Управление образования области Жетісу».

1.7. Қысқартылған атауы: мемлекеттік тілде: «Жетісу облысының білім басқармасы» ММ «Көксу политехникалық колледжі» МКҚК;
орыс тілінде: ГККП «Коксуский политехнический колледж» ГУ «Управление образования области Жетісу».

1.8. Колледждің мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 041206, Жетісу облысы, Көксу ауданы, Мұқаншы округі, Көксу бекеті, СПТУ-1 .

**УСТАВ**
**Государственного коммунального казенного предприятия «Коксуский политехнический колледж» государственного учреждения «Управление образования области Жетісу»**

Область Жетісу, Коксуский район,
станция Коксу, 2022г.

**1. Общие положения.**

1.1. Государственное коммунальное казенное предприятие «Коксуский полтехнический колледж» государственного учреждения «Управление образования области Жетісу», именуемое в дальнейшем по тексту «Колледж», является правопреемником Государственного коммунального казенного предприятия «Коксуский политехнический колледж» государственного учреждения «Управление образования Алматинской области», (свидетельство о государственной перерегистрации №85-1907-18-ММ от 31.07. 2008 г. БИН 960840000403), в соответствии с постановлениями Акимата Алматинской области № 138 от «15» мая 2013 г. и № 170 от «31» июня 2013 г.

1.2. Колледж по своей организационно-правовой форме является государственным коммунальным казенным предприятием, обладающий государственным имуществом на праве оперативного управления.

1.3. Учредителем и осуществляющим функции субъекта права коммунальной собственности по отношению к Колледжу является Акимат области Жетісу (далее - Собственник).

1.4. Уполномоченным органом Колледжа является: Государственное учреждение «Управление образования области Жетісу» (далее - Уполномоченный орган).

1.5. Колледж имеет круглую печать с изображением Государственного герба Республики Казахстан, фирменный бланк, счета в банке.

1.6. Наименование предприятия: на государственном языке. «Жетісу облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Көксу политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны; на русском языке Государственное коммунальное казенное предприятие «Коксуский политехнический колледж» государственного учреждения «Управление образования области Жетісу».

1.7. Сокращенное наименование: на государственном языке: «Жетісу облысының білім басқармасы» ММ «Көксу политехникалық колледжі» МКҚК;
на русском языке: ГККП «Коксуский политехнический колледж» ГУ «Управление образования области Жетісу».

1.8. Местонахождение колледжа: Республика Казахстан, 041206, область Жетісу, Коксуский

| | |
|---|---|
| 1.9. Қызмет мерзімі шектеусіз. | район, Мукаишинский сельский округ, ст.Коксу, СПТУ -1.<br>1.9. Срок деятельности не ограничен. |
| **2. Кәсіпорынның құқықтық ережелері мен оның қызметінің ерекшеліктері.** | **2. Правовое положение Предприятия и особенности его деятельности.** |
| 2.1. Колледж - білім беретін саласы бойынша<br>- техникалық және кәсіптік білім беру;<br>- орта білімнен кейінгі білім беру;<br>оқу бағдарламаларын іске асыратын ұйым болып табылады. | 2.1. Колледж - является по типу организацией образования, реализующей образовательные учебные программы: - технического и профессионального образования; - послесреднего образования. |
| 2.2. Колледж әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға құқығына ие болады. | 2.2. Колледж приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации в органах юстиции. |
| 2.3. Колледждің жедел басқару құқығындағы мүлкі, дербес балансы, қазынашылықтың аумақтық органдарында ағымдағы шоттары, мемлекеттік тілде толық атауы бар бланкілері, мөрі мен мөртаңбалары бар. | 2.3. Колледж имеет имущество на праве оперативного управления, самостоятельный баланс, текущие счета в территориальных органах казначейства, бланки, печать и штампы с полным наименованием на государственном языке. |
| 2.4. Колледж басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды. | 2.4. Колледж не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица. |
| 2.5. Колледж өзіне алған міндеттемелері бойынша билігіндегі ақшаларына жауап береді. Кәсіпорынның ақшасы кем болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша жауапкершілікті Меншік иесі өз мойнына алады. | 2.5. Колледж отвечает по своим обязательствам находящимися в его распоряжении деньгами. При недостаточности у Колледж денег, ответственность по его обязательствам несет Собственник. |
| 2.6. Шарттық міндеттемелер бойынша Колледж жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес колледжді ұстауға бекітілген қаржыландыру жоспары шегінде туындайды. | 2.6. По договорным обязательствам ответственность Колледж наступает в пределах утвержденного плана финансирования на содержание Колледж в соответствии с законодательством Республики Казахстан. |
| 2.7.Колледждің белгіленген тәртіппен құқығы бар:<br>-қызмет түрлеріне сәйкес жұмыстар мен қызметтер көрсетуге мекемелермен, ұйымдармен, кәсіпорындармен жеке тұлғалармен шарттар жасасуға;<br>-өз қызметін экономикалық тиімді шарттық негізде жүзеге асыру үшін басқа мекемелерді, ұйымдарды, колледждерді, жеке тұлғаларды тартуға;<br>- уәкілетті органның жазбаша келісімімен шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде негізгі және айналым қаражатын өзінде бар қаржы ресурстары, уақытша қаржылық көмек есебінен және осы мақсаттар үшін уәкілетті органның келісімімен алынатын несиелер мен кредиттер есебінен сатып алуға немесе жалға алуға;<br>-Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сыртқы экономикалық және өзге де қызметті жүзеге асыруға. | 2.7. Колледж имеет право в установленном порядке:<br>-заключать договоры с учреждениями, организациями, предприятиями физическими лицами на предоставление работ и услуг в соответствии с видами деятельности;<br>-привлекать для осуществления своей деятельности на экономически выгодной договорной основе другие учреждения, организации, колледжи, физические лица;<br>-с письменного согласия Уполномоченного органа приобретать или арендовать при осуществлении хозяйственной деятельности основные и оборотные средства за счет имеющихся у него финансовых ресурсов, временной финансовой помощи и получаемых, с согласия Уполномоченного органа, для этих целей ссуд и кредитов;<br>-осуществлять внешнеэкономическую и иную, деятельность в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан. |
| 2.8. Колледж өндіретін қызметтер мен тауарлардың бағасы белгіленген тәртіппен анықталады. Меншік иесінің мемлекеттік тапсырысы бойынша колледж өндіретін қызметтер мен тауарлардың бағасын уәкілетті орган белгілейді. | 2.8. Цены на услуги и товары, производимые Колледжем, определяются в установленном порядке. Цены на услуги и товары, производимые Колледжем, по государственному заказу Собственника, устанавливаются Уполномоченным органом.<br>2.9. |
| **3. Кәсіпорын қызметінің міндеттері мен мәні.**<br>3.1. Колледждің мәні мен мақсаттары төмендегілер болып табылады:<br>- еңбек нарығында бәсекеге қабілетті нақты | **3. Задачи и предмет деятельности Предприятия.**<br>3.1. Предметом и целями деятельности Колледж является: |

мамандықтары бойынша, теориялық білімі мен практикалық дағдысы бар, білікті жұмысшылар мен кәсіби және техникалық білімді мамандарын даярлау;
- босаған жұмысшыларды және жұмыспен қамтылмаған халықты қайта оқыту және қайта даярлау.
3.2. Оқыту тілдері: қазақша, орысша.
3.3. Колледждің негізгі міндеттері:
- білім алушылар техникалық және кәсіптік білімін дамытуда білім бағдарламасын меңгерту үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету;
- жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;
- білім алушыларды азаматшылық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халықтық дәстүрлерді қастерлеуге, Конституцияға және қоғамға қарсы кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;
- білім алушылардың бойында Республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне араласу қажеттілігін, өз құқықтары мен міндеттеріне саналы түрде қарауын қалыптастыру;
- оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілеріне шығу болып табылады.
3.4. Колледж өз қызметінің мәні мен мақсатын іске асыру үшін мына функцияларды жүзеге асырады:
- техникалық және кәсіптік білімі бар жұмысшылар мен мамандарды даярлау бойынша;
- жұмысшы кадрлардың біліктілігін көтеру және қайта даярлау бойынша;
- қосымша білім беру бағдарламалары бойынша;
- арнайы курстар мен пәндерді қосымша оқыту бойынша
- білім беру қызметтерін көрсету:
- жекелеген оқушылармен оқу жоспарында қаралған сағаттардан тыс, пәндер бойынша қосымша сабақ жүргізу;
- Колледждың асханасында тамақтануын, жатақханасында тұруын ұйымдастыру.
3.5. Колледж заңда белгіленген тәртіппен азаматтарға, ұйымдарға, кәсіпорындарға, мекемелерге арзан қызмет көрсетеді.
3.6. Колледждің колледждердің құрылу мақсатына жауап бермейтін қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

## 4. Білім беру үрдісін ұйымдастыру.

4.1. Колледждерде әр түрлі мерзімде техникалық және кәсіптік білім бағдарламасына сәйкес білікті мамандарды және жұмысшы кадрларды даярлау жүзеге асырылуы мүмкін.
4.2. Техникалық және кәсіптік білім беру білім

- подготовка квалифицированных рабочих и специалистов с техническим и профессиональным образованием, имеющих необходимые теоретические знания и практические навыки по конкретной профессии, конкурентоспособных на рынке труда;
-переобучение и переподготовка высвобождаемых работников и незанятого населения.
3.2. Язык обучения: казахский, русский.
3.3. Основными задачами Колледжа являются:
- обеспечение необходимых условий для освоения образовательных программ технического и профессионального образования обучающимися;
- развитие творческих, духовных и физических возможностей личности, формирование прочных основ нравственности и здорового образа жизни обогащение интеллекта путем создания условий для развития индивидуальности;
- воспитание у обучающихся гражданственности и патриотизма, любви к своей Родине – Республике Казахстан, уважения к государственным символам, почитания народных традиций, нетерпимости к любым антиконституционным и антиобщественным проявлениям;
-формирование у обучающихся потребностей участвовать в общественно-политической экономической и культурной жизни республики, осознанного отношения к своим правам и обязанностям;
-внедрение новых технологий обучения информатизация образования, выход на международные глобальные коммуникационные сети.
3.4. В целях реализации предмета и целей деятельности Колледж осуществляет следующие функции:
-оказание образовательных услуг:
- по подготовке рабочих и специалистов с техническим и профессиональным образованием;
- по повышению квалификации и переподготовке рабочих кадров;
- по дополнительным образовательным программам;
- по дополнительному преподаванию специальных курсов и дисциплин;
- по проведению дополнительных занятий по предметам, сверх количества часов по учебному плану, с отдельными учащимися в индивидуальном порядке.
- организация питания в столовой и проживания в общежитии Колледжа.
3.5. Колледж общедоступно, обслуживает граждан, организации, предприятия, учреждения, в установленном законодательством порядке.
3.6. Колледж не вправе заниматься деятельностью, не отвечающей цели создания Колледжа.

## 4. Организация образовательного процесса.

4.1. В Колледже могут быть реализованы различные по срокам подготовки образовательные программы технического и профессионального образования, направленные на подготовку, переподготовку квалифицированных специалистов

| | |
|---|---|
| берудің құрамдас бөлігі болып табылады және қоғамдық пайдалы кәсіптік қызметтің негізгі бағыттары бойынша білікті жұмысшылар мен орта буын мамандарын даярлауға бағытталған. | и рабочих кадров. |
| | 4.2. Техническое и профессиональное образование является составной частью образования и направлено на подготовку квалифицированных рабочих и специалистов среднего звена по основным направлениям общественно-полезной профессиональной деятельности. |
| 4.3. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беретін оқу бағдарламалары олардың мазмұнына және білім алушыларды даярлау біліктілігінің деңгейіне қарай білім беретін оқу бағдарламалары болып бөлінеді: | 4.3. Образовательные учебные программы технического и профессионального образования в зависимости от их содержания программы и уровня квалификации подготовки обучающихся делятся на образовательные учебные программы: |
| 4.3.1. техникалық және қызмет көрсету еңбегінің бұқаралық кәсіптері бойынша кадрлар даярлауды көздейтін жобалар жатады.<br>Білім беретін оқу бағдарламаларының мазмұны:<br>- жалпы кәсіптік және арнайы пәндерді табысты меңгеру үшін бейіндік болып табылатын жалпы білім беретін пәндер бойынша кіріктірілген курстарды оқу, кәсіптік дағдыларды меңгеру бойынша өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту;<br>- білім алушыларға нақты кәсіп бойынша кәсіптік біліктіліктің белгіленген деңгейін (разряд, сынып, санат) беру; | 4.3.1. предусматривающие подготовку кадров по массовым профессиям технического и обслуживающего труда.<br>Содержание образовательных учебных программ предусматривает:<br>-изучение интегрированных курсов по общеобразовательным предметам, являющимся профилирующими для успешного освоения общепрофессиональных и специальных дисциплин, прохождение производственного обучения и профессиональной практики по приобретению профессиональных навыков;<br>-присвоение обучающимся установленного уровня профессиональной квалификации (разряда, класса, категории) по конкретной профессии; |
| 4.3.2. жоғары технологиялармен және кәсіби қызметпен байланысты экономиканың барлық салаларында жұмыстарды орындаудың неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптері мен практикалық дағдыларын меңгеруді көздейтін жобалар жатады.<br>Білім беретін оқу бағдарламаларының мазмұны:<br>-жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, экономикалық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді зерделеу, кәсіптік дағдыларды меңгеру және бекіту бойынша өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан өту;<br>- білім алушыларға нақты мамандық бойынша кәсіби біліктіліктің жоғары деңгейін беру. | 4.3.2. предусматривающие овладение более сложными (смежными) профессиями и практическими навыками выполнения работ во всех отраслях экономики, связанными с высокими технологиями и профессиональной деятельностью.<br>Содержание образовательных учебных программ предусматривает:<br>-изучение общеобразовательных, общегуманитарных, экономических, общепрофессиональных, специальных дисциплин, прохождение производственного обучения и профессиональной практики по приобретению и закреплению профессиональных навыков;<br>- присвоение обучающимся повышенного уровня профессиональной квалификации по конкретной специальности. |
| 4.3.3. орта буын мамандарды даярлауды қамтамасыз ететін.<br>Білім беретін оқу бағдарламаларының мазмұны техникалық және кәсіптік білім берудің интеграцияланған білім беретін оқу бағдарламаларын жоғары оқу орындарының 1-2 курстарының білім беретін оқу бағдарламаларымен қоса зерделеуді көздейді. | 4.3.3. обеспечивающие подготовку специалистов среднего звена.<br>Содержание образовательных учебных программ предусматривает изучение интегрированных образовательных учебных программ технического профессионального образования с образовательными учебными программами 1-2 курсов высших учебных заведений. |
| 4.3.4. жалпы орта білім бар азаматтар үшін техникалық және кәсіптік білім берудің білім беретін оқу бағдарламалары жалпы кәсіптік, экономикалық, арнайы пәндерді зерделеуді және таңдаған мамандығы бойынша болашақ кәсіптік қызметін айқындайтын оқу-өндірістік жұмыстарды орындауды көздейді. | 4.3.4. образовательные учебные программы технического и профессионального образования для граждан, имеющих общее среднее образование, предусматривают изучение общепрофессиональных, экономических, специальных дисциплин и выполнение учебно-производственных работ, определяющих будущую профессиональную деятельность по избранной специальности. |
| 4.3.5 техникалық және кәсіптік білім берудің білім беретін оқу бағдарламалары теориялық және өндірістік оқыту бағдарламаларынан және кәсіптік практикадан тұрады. | 4.3.5. образовательные учебные программы |

4.4. Екі жылдық оқу мерзімі аяқталғаннан және аралық аттестация өткізілгеннен кейін оқушыларға нақты мамандықтары бойынша өздері жеткен деңгейде кәсіптік біліктілік (разряд, сынып, санат) беріледі.

4.5. Үш жылдық оқу мерзімі аяқталғаннан кейін және аралық аттестация өткізілгеннен кейін оқушыларға нақты мамандықтары бойынша жоғары деңгейдегі кәсіптік біліктілік беріледі.

4.6. Білім алушыларға толық курсты аяқтағаннан кейін, қорытынды аттестациядан өткеннен кейін орта буынды маман деген біліктілік берілілі.

4.7. Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламалары орта білім бар азаматтарға арналып, жалпы кәсіптік, экономикалық, арнайы пәндер және оқу- өндірістік жұмыстарының орындалуын, таңдаған мамандық бойынша кәсіби деңгейінің болашағын қарастырады. Оқу мерзімі кем дегенде бір жыл.

4.8. Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламалары теориялық және өндірістік оқу бағдарламаларынан тұрады.

4.9. Колледждің білім беру қызметі Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт негізінде жасалған оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

4.10. Оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу процесінің күнтізбелік кестелерін әзірлеу және бекіту уәкілетті органның құзыретіне жатады.

4.11. Мемелекеттік мекемелерде төмендегі үлгі бойынша: күндізгі, кешкі, қашықтық және экстернаттық оқыту жүзеге асырылады. Колледждік білім алу әр түрлі үлгіде жүргізіледі.

4.12. Колледжде оқыту Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңына сәйкес жүргізіледі.

4.13. Колледжде оқу сабақтары 1 қыркүйектен басталып; 1 шілдеден кешіктірілмей аяқталуы керек. Оқу жылының мерзімі – 52 апта. Оқу жылындағы демалыс мерзімі - 11 аптадан аспауы керек.

- студенттердің оқу жүктемелері аптасына 36 сағаттан кем болмауы керек.
- жеке санаты студенттерге оқу сабақтары келісім шарт негізінде жұмыс берушінің оқу топтарындағы оқушылардың құрамына қарай белгіленеді

4.14. Оқу топтары мамандық бойынша және санитарлық номалар мен ережелерге сай, басқа да

технического и профессионального образования состоят из программ теоретического и производственного обучения и профессиональной практики.

4.4. По завершении двухлетнего обучения и прохождения промежуточной аттестации обучающимся присваивается достигнутый уровень профессиональной квалификации (разряд, класс, категория) по конкретной специальности.

4.5. По завершении трехлетнего обучения и прохождения промежуточной аттестации обучающимся присваивается повышенный уровень профессиональной квалификации по конкретной специальности.

4.6. По завершении полного курса обучения и прохождения итоговой аттестации обучающимся присваивается квалификация специалиста среднего звена.

4.7. Профессиональные учебные программы технического и профессионального образования для граждан, имеющих общее среднее образование, предусматривают изучение общепрофессиональных, экономических, специальных дисциплин и выполнение учебно-производственных работ, определяющих будущую профессиональную деятельность по избранной специальности, срок обучения не менее одного года.

4.8. Профессиональные учебные программы технического и профессионального образования состоят из программ теоретического и производственного обучения.

4.9. Образовательная деятельность Колледжа осуществляется в соответствии с учебными планами и программами, разработанными на основе государственных общеобязательных стандартов Республики Казахстан.

4.10. Разработка и утверждение рабочих учебных планов и программ, календарных графиков учебного процесса находится в компетенции Уполномоченного органа.

4.11. В Колледже обучение может осуществляться в следующих формах: дневное, вечернее, дистанционное обучение и экстернат. Допускается сочетание различных форм получения профессионального образования.

4.12. В Колледже обучение ведется в соответствии с Конституцией Республики Казахстан и законодательством Республики Казахстан о языках.

4.13. Учебные занятия в Колледже начинаются с 1 сентября и заканчиваются не позднее 1 июля. Продолжительность учебного года - 52 учебные недели. Продолжительность каникул за учебный год составляет не более 11 недель.

4.14. Учебная нагрузка обучающихся должна быть не менее 36 часов в неделю;

4.15. Для отдельных категорий обучающихся начало занятий устанавливается на основе договоров с работодателями по мере укомплектования учебных групп.

4.16. Учебные группы комплектуются по

| | |
|---|---|
| құралдарды тарта отырып, жергілікті білім беру басқару органымен келісе отырып оқу топтарында оқушылардың саны аз болса да жасақтай беруге болады. | профессиям в соответствии с санитарными нормами и правилами, при привлечении иных средств и по согласованию с местным органом управления образованием допускается комплектование учебных групп с меньшим количеством обучающихся. |
| 4.15. Арнайы пәндер бойынша топтар теориялық, зертханалық, тәжірбиелік оқу, сонымен қатар дене тәрбиесі, тілдерді оқыту сабақтарында екі топқа бөлінеді. | 4.17. На теоретических и лабораторно-практических занятиях по отдельным дисциплинам, в том числе по физическому воспитанию, при изучении языков, группа делится на подгруппы. Перечень учебных дисциплин, при обучении которых производится деление групп на подгруппы, определяется учебным планом. |
| 4.16. Оқыту кезінде топтардағы бөлінген топтардың оқу пәндерінің тізбесі оқу жоспары бойынша анықталады. | |
| 4.17. Барлық аудиториялық сабақтар түрлері үшін академиялық сағаттар белгіленеді, яғни 45 минуттық, қажет болған жағдайда екі академиялық сағаттан кейін 5-10 минуттық үзілістер мен қосарланған сабақтар рұқсат етіледі. | 4.18. Для всех видов аудиторных занятий продолжительность устанавливается академический час, то есть 45 минут, при необходимости допускаются спаренные занятия с перерывами 5 и 10 минут после 2-х академических часов. |
| 4.18. Өндірістік оқыту сабақтарының ұзақтығы 10 минуттық үзіліспен 90 минут. Теориялық, тәжірбиелік сабақтардың кезектігі оқу жоспарымен анықталады. | На уроках производственного обучения учебная группа делится на подгруппы, а количество учащихся в подгруппах по профессиям, связанным с обслуживанием сложного оборудования, выполнением опасных работ, определяется исходя из имеющихся условий. Продолжительность уроков производственного обучения 90 минут с 10-минутными перерывами. Чередование теоретических, практических занятий определяется учебным планом. |
| 4.19. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқу сабақтары дәрістер, сабақтар, семинарлар, практикалық сабақтар, зертханалық, бақылыау және өзіндік жұмыстар, консультациялар, әңгімелесулер, факультативтік сабақтар, курстық және дипломдық жобалар, жұмыстар және оқу сабктарының басқа да нысандары түрінде өткізілуі мүмкін. | 4.19. В организациях технического и профессионального образования учебные занятия могут проводиться в виде уроков, лекции, семинаров, практических занятий, лабораторных, контрольных и самостоятельных работ, консультаций, бесед, факультативных занятий, курсовых и дипломных проектов, работ и других форм учебных занятий. |
| 4.20. Білім алушылардың өндірістік оқыту оқу-өндірістік шеберханаларда, зертханаларда, полигондарда, білім беру ұйымдарының оқу шаруашылығында құрылыс алаңының оқушылық орындарында, поляларда, фермаларда, жұмыс беруші тапсырыс мекемелерінде жүзеге асырылады. Өндірістік оқыту үрдісі оқу бағдарламаларына сәйкес, сондай-ақ сабақтан тыс уақытта өнеркәсіп және басқа өнімдерді, халық тұтынуындағы тауарлар шығару және оларды өткізуді ұйымдастыру көзделеді. | 4.20. Производственное обучение обучающихся осуществляется: в учебно-производственных мастерских, лабораториях, на полигонах, в учебных хозяйствах учебных заведений, на ученических местах строительных объектов, полях, фермах, предприятиях заказчиков, то есть работодателей. В процессе производственного обучения в соответствии с учебными программами, а также во вне учебное время предусматривается организация выпуска промышленной и другой продукции, товаров народного потребления с последующей их реализацией. |
| 4.21. Білім алушылардың кәсіптік тәжірбиеден өтулері олардың теориялық білімдерін бекітуге, сондай-ақ кәсіптік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Кәсіптік тәжірибеден өту келісім шарт негізінде тәжірибе базасы ретінде айқындаған ұйымдарда өткізіледі, олармен тәжірибе өткізудің келісілген бағдарламалары мен күнтізбелік кестелерін бекітеді. | 4.21. Профессиональная практика обучающихся, направлена на: закрепление знаний полученных в процессе теоретического обучения, а также на приобретение практических навыков и профессионального опыта. Профессиональная практика проводится в организациях, определяемых базами практики на договорной основе, утверждаются согласованные с ними программы и календарные графики прохождения практики. |
| 4.22. Колледжде ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестациядан өткізу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына қайшы келмейтіндей және азаматтардың белгіленген | 4.22. Текущий контроль, промежуточная и итоговая аттестация в Колледже проводится в соответствии с нормативными правовыми актами, не нарушая установленные законодательством |

заңды құқығын, еркіндігі мен мүддесін бұзбайтындай жағдайда, нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүргізіледі.

## 5. Колледжге оқуға қабылдау тәртібі.

5.1. Колледж азаматтарды оқуға қабылдау тәртібін, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен техникалық және кәсіптік оқу орындарына қабылдау Үлгі қағидаларына сәйкес белгілейді

5.2. Колледждерге Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтары және азаматтығы жоқ жеке тұлғалар, бекітілген заңды тәртіппен халықаралық келісімшарт, келісім, сондай-ақ білім мекемесінде бекітілген шарт бойынша Қазақстан Республикасының азаматы емес қазақ ұлты қабылданады. Колледжға қабылдау жөніндегі мәселені шешу үшін 1 шілдеден кешіктірмей жұмыс істей бастайтын қабылдау комиссиясы ұйымдастырылады.

5.3. Колледждерге азаматтарды қабылдау төмендегі үлгілердің бірі бойынша іріктеу жүргізу түрімен немесе бірнеше үйлесімде жүзеге асырылады: оқуға түсушінің білім құжатында көрсетілген бағалау есебі; мемлекеттік немесе орыс тіліндегі әңгімелесу; кейбір жалпы білім беретін пәндер бойынша қабылдау жұмыстары; мамандыққа сай дайындық; құралдарды оқып-үйренуге, өндірістің жаңа технологияларын меңгеруге байланысты күрделі мамандыққа оқуға түсуші топтарды тестілеу; Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орнына түсу үшін ұлттық бірыңғай тестілеуден (ҰБТ) өткендер; мемлекеттік сертификаттау балын есепке ала отырып, тіркелген оқушылар қабылданады. Оқушыларды іріктеу үлгісін колледж белгілейді.

5.4. Қабылдауға ерекше құқығы бар бірдей көрсеткіш көрсеткен жағдайда: халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органының аумақтық бөлімшелерінің берген кәсіптік мектептерде оқуға қарсы дәлелі жоқ қорытындысына сәйкес, жетім балалар, ата-ананың қамқорынан айырылған, бір, екі топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, үздік атестат алған тұлғалар қабылданады.

## 6. Білім беру үрдісіне қатысушылар

6.1. Білім беру үрдісіне қатысушылар: білім алушылар, ата-аналар (оларды алмастыратын тұлғалар), педагог қызметкерлер болып табылады.

6.2. Білім алушылар құқылы:
- мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сай техникалық және кәсіптік білім алуға;
- оқу жоспарына сәйкес өз икемдеріне және сұраныстарына қарай қосымша білім алуға;
- білім саласындағы орталық атқарушы органның белгілеген тәртібі бойынша оқушылар бір оқу

права, свободы и интересы граждан и не противоречащими действующему законодательству Республики Казахстан.

## 5. Порядок приема на обучение в Колледж.

5.1. Порядок приема граждан на обучение устанавливается Колледжем в соответствии с Типовыми правилами приема в технические и профессиональные учебные заведения Республики Казахстан, утвержденными Правительством Республики Казахстан.

5.2. В Колледж принимаются граждане Республики Казахстан, иностранные граждане и лица без гражданства, постоянно проживающие в Республике Казахстан, в порядке, установленном законодательством международными договорами, соглашениями, а также по контрактам, заключенным с организациями образования, лица казахской национальности не являющиеся гражданами Республики Казахстан. Для решения вопросов приема в Колледжа организуется приемная комиссия, которая начинает свою работу не позднее 1 июля.

5.3. Зачисление граждан в Колледжах осуществляется путем проведения отбора по одной из следующих форм, или при сочетании нескольких: учет оценок, указанных в документе об образовании поступающего; собеседование на государственном или русском языках; контрольные работы по отдельным общеобразовательным предметам, соответствующим профилям подготовки; тестирование поступающих в группы по особо сложным профессиям, связанным с изучением оборудования, наукоемких и новых технологий производства; отбор из числа лиц, прошедших единое национальное тестирование (ЕНТ) при поступлении в высшие учебные заведения Республики Казахстан, с учетом балла государственного сертификата. Форму проведения отбора устанавливает Колледж.

5.4. В случае одинаковых показателей преимущественное право на зачисление имеют: дети-сироты, дети, оставшиеся без попечения родителей, инвалиды 1 и 2 групп, инвалиды с детства, которым согласно заключению территориального подразделения центрального исполнительного органа в области социальной защиты населения не противопоказано обучение в профессиональной школе, и лица, имеющие аттестаты с отличием.

## 6. Участники образовательного процесса.

6.1. Участниками образовательного процесса являются студенты, родители (лица, их заменяющие), педагогические работники.

6.2. Обучающиеся имеют право на:
- получение образования в соответствии с государственными общеобязательными стандартами технического и профессионального образования;
- получение дополнительных образовательных услуг согласно своим склонностям и потребностям, в соответствии с учебными планами;

орнынан келесі оқу орнына ауысуына, мамандығын басқа мамандыққа ауыстыруын, қайта оқуын жалғастыруға;
- колледждің ақпараттық ағымдарын кітапханада тегін пайдалануға;
- өзіндік адамгершілік касиеттерін сыйлауға, өз ойын еркін айтуға әрі дәлелдеуге;
